

Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І

Ақтөбе қаласы

№285

2015 жылғы 27 наурыз

**Ақтөбе облысында тұрғын үй
құрылысының даму жағдайы және
келешегі туралы**

«Ақтөбе облысында тұрғын үй құрылысының даму жағдайы және келешегі туралы» құрылыс басқармасының басшысы Қ.Қ.Нұршинның баяндамасын тыңдап және талқылап, облыстық мәслихат, облыста халықты жайлы тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқандығын атап өтеді.

«Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламасының шеңберінде Ақтөбе облысы бойынша барлық қаржыландыру көздері есебінен 2014 жылы 465,0 мың шаршы метр тұрғын үйлерді пайдалануға беру жоспарланған. 2014 жылдың қорытындысы бойынша 476,1 мың шаршы метр тұрғын үйлер пайдалануға беріліп, бұл жылдық жоспарға 102,3 пайызды немесе 2013 жылдың сәйкес кезеңіне 103,2 пайызды құрады, соның ішінде:

- республикалық бюджет қаражатының есебінен тұрғын үй-құрылыс жинақ жүйесі арқылы кредиттік тұрғын үйлер – 64,78 мың шаршы метр (726 пәтер);
- республикалық бюджет қаражаттарының есебінен кезекте тұрғандарға арналған жалдамалы тұрғын үйлер – 19,28 мың шаршы метр (268 пәтер);
- сатып алу құқығымен жас отбасыларға арналған жалдамалы тұрғын үйлер - 19,04 мың шаршы метр (216 пәтер);
- жергілікті бюджеттің қаражаттары есебінен коммуналдық тұрғын үйлер - 10,2 мың шаршы метр (127 пәтер);
- коммерциялық тұрғын үйлер – 177,2 мың шаршы метр (1336 пәтер);
- жеке тұрғын үйлер – 185,5 мың шаршы метр (1308 пәтер).

Тұрғын үй құрылысы аудандарының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымдары нысандарын дамытуға 2014 жылы республикалық бюджеттен 4261,6 млн. теңге бөлініп, толығымен игерілді. Жалпы ұзындығы 353,8 шақырым инженерлік желілер, соның ішінде: электрмен жабдықтау – 78,3 шақырым, сумен жабдықтау - 234,2 шақырым, кәріз -0,5 шақырым және газбен жабдықтау - 40,8 шақырым желілер пайдалануға берілді.

Тұрғын үйлер құрылысына 28,3 млрд. теңге көлемінде инвестициялар тартылып, бұл 2013 жылға 94,7 пайызды құрады.

Ақтөбе қаласында және барлық аудандарда тұрғын үйлерді пайдалануға беру көбейіп отыр. Мұғалжар (1,6 есе) және Қарғалы (1,4 есе) аудандарында айтарлықтай өсу байқалды.

Құрылыс жұмыстарының көлемі 205,8 млрд. теңгені құрады, бұл 2013 жылдан 6,0 пайызға артық.

Құрылыс жұмыстары көлемінің ұлғаюы Ақтөбе қаласында және облыстың алты аудандарында, соның ішінде айтарлықтай өсім Темір (4 есе) және Ойыл (2,8 есе) аудандарында байқалып отыр.

«Нұрлы Жол» бағдарламасын табысты жүзеге асыру үшін Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жолдауының шеңберінде облыста дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Әкімдікте кезекте тұрғандар үшін 2015 жылы жүзеге асыру жоспарланған коммерциялық тұрғын үйлер көлеміне сараптама жасалып, қажеттілік 64,2 мың шаршы метрді құрады.

Кәсіпорын қызметкерлері үшін жалдамалы тұрғын үй құрылысына қажеттілікті анықтау бойынша жұмыс берушілермен жұмыстар жүргізілуде.

2014 жылғы 28 маусымдағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №728 қаулысымен бекітілген «Өңірлерді дамыту 2020» жаңа Бағдарламасы 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап іске қосылды. Бұл бағдарламаға қолданыстағы 5 бағдарлама, соның ішінде «Қолжетімді тұрғын үй 2020» бағдарламасы біріктірілген.

2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол-болашаққа бастар жол» Елбасының Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 21 қаңтардағы №15 қаулысымен жоғарыда аталған бағдарламаға жалға берілетін тұрғын үйлерді іске асыру және құрылысы бөлігінде өзгерістер енгізілген.

Көптеген елді мекендерде қала құрылысы құжаттамасының болмауы, сонымен қатар жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін бөлуді жеделдету бойынша жұмыстың әлсіздігі саланы дамытудың тежеуші елеулі жайт болып табылады. Құрылыс саласына және жергілікті құрылыс материалдарының өндірісіне жаңа технологиялар жеткіліксіз енгізілуде. Маңызды мәселелердің бірі тұрғын үй құрылысына жобалық-сметалық құжаттаманың уақытылы әзірленуі және жобалау кезінде үлгілік жобаларды пайдалану болып табылады, алайда бұл үшін облыста үй құрылысы комбинаты жоқ.

Сонымен қатар, саладағы тағы бір мәселе, бұл тұрғын үй және әлеуметтік мәдени тұрмыстық нысандарының құрылысы облыс орталығынан қашық елде мекендерде жүргізілуі, көлік жолдарының қанағаттанарлықсыз жағдайы мен тасымалдаудың қашықтығы, құрылыс мерзімінің ұзаруына, тасымалданатын құрылыс материалдарының сапасының нашарлануына әкеліп соқтырады.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы

23 қаңтардағы № 148 Заңының 6-бабына сәйкес Ақтөбе
мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

облыстық

1. «Ақтөбе облысында тұрғын үй құрылысының даму жағдайы және келешегі туралы» құрылыс басқармасының басшысы Қ.Қ.Нұршиннің баяндамасы назарға алынсын.

2. «Ақтөбе облысының құрылыс басқармасы» ММ (Қ.Қ.Нұршин), «Ақтөбе облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» ММ (Б.Ә.Пірімбетов), Ақтөбе қаласының және аудандардың әкімдеріне ұсынылсын:

1) салынып жатқан тұрғын үйлерді уақтылы пайдалануға беру бойынша бақылауды нығайту;

2) салынып жатқан тұрғын үйлердің сапасын жақсарту бойынша жұмысты күшейту;

3) республикалық бюджет қаражатының есебінен қаржыландырылатын, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым нысандарын уақтылы пайдалануға беру бойынша шаралар қабылдау.

3. «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» ММ (А.О.Дәулетова) инвестициялық трансферттерді мақсатты пайдалану бойынша тұрақты бақылау жүргіз ұсынылсын.

4. «Ақтөбе облысының құрылыс басқармасы» ММ (Қ.Қ.Нұршин) жоспарланған тұрғын үй нысандарын пайдалануға беруді қамтамасыз ету ұсынылсын.

5. «Ақтөбе облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ (Н.А.Боранбаев) тұрғын үй құрылысы аудандарында тұрғын үйлерді орналастыру үшін қала құрылысы құжаттарын уақтылы дайындауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

6. «Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасы» ММ (З.Ж.Жұмабаева), «Ақтөбе облысының құрылыс басқармасы» ММ (Қ.Қ.Нұршин) «Нұрлы Жол» жаңа тұрғын үй Бағдарламасын бұқаралық ақпарат құралдарында уақтылы жариялауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

Ғ. ЛАТЫПОВ

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА